




**Қазақстан Республикасы
экология және табиғи
ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» РМҚ**

2026 жылғы қыркүйек айына АУА РАЙЫН БОЛЖАУ БЮЛЛЕТЕНІ



АСТАНА 2026

Мазмұны

Алғы сөз.....	4
Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес қыркүйек айының қысқаша климаттық сипаттамасы	5
Қыркүйек айында Қазақстан аумағы бойынша орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәні (кесте).....	6
2026 жылдың қыркүйек айында күтілетін орташа айлық температурасының нормадан ауытқуы.....	7
Қыркүйек айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма)	7
2026 жылдың қыркүйек айында күтілетін жауын-шашынның мөлшерінің нормадан ауытқуы	8
Қыркүйек айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма)	8
2026 жылы Қазақстан аймақтары бойынша қыркүйек айында күтілетін орташа ауа температурасы	9
Ауа райының облыстар бойынша графигі	10
2026 жылдың қыркүйек айына облыстар бойынша консультативтік ауа райы болжамы	11
Батыс Қазақстан облысы	12
Атырау облысы	13
Маңғыстау облысы	14
Ақтөбе облысы	15
Қостанай облысы	16
Солтүстік Қазақстан облысы.....	17
Ақмола облысы	18
Павлодар облысы	19
Ұлытау облысы	20
Қарағанды облысы	21
Абай облысы	22
Шығыс Қазақстан облысы	23
Қызылорда облысы	24
Түркістан облысы	25
Жамбыл облысы	26
Алматы облысы	27
Жетісу облысы	28

Алғы сөз

Жарияланып отырған айлық ауа райы болжамы мыналарды қамтиды:

- ✓ болжамды айдың қысқаша климаттық сипаттамасы (барлық бақылау кезеңінде)
- ✓ республиканың облыстары бойынша ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің орташа көпжылдық мәндерден ауытқуының қысқаша сипаттамасы;
- ✓ суықтың (жылудың) ең маңызды толқындары, жауын-шашынды мерзімдер және ауа райының атмосфералық құбылыстары көрсетілген ауа райының өзгеру графиктері;
- ✓ республиканың әр облыстары бойынша ауа райы болжамының мәтіні;
- ✓ орташа айлық ауа температурасының орташа көпжылдық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ ауаның көпжылдық орташа айлық температурасының кеңістіктік таралуының картасы (30 жылдық норма);
- ✓ айлық жауын-шашынның мөлшері орташа көпжылдық айлық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ жауын-шашынның айлық мөлшерінің көпжылдық мәндерінің картасы (30 жылдық норма).

Болжам мәтінінде облыстар аумағындағы орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің шеткі мәндері келтірілген.

Бір айға арналған ауа райы болжамы консультативтік сипатқа ие. Ауа райының күнделікті өзгеру бағытында 3-тен 5 тәулікке дейін жылжуы, сондай-ақ күнделікті ауа температурасының ($\pm 5^{\circ}\text{C}$) мәндерінің де, ауа райының атмосфералық құбылыстарының да ауытқуы мүмкін екенін ескеру қажет. Бір айға арналған ауа райы болжамы айдың 30-31, 10, 20 күндерінде онкүндікке арналған болжамдармен нақтыланады.

Бір айға арналған ауа райы болжамының шығуымен және оларды нақтылаумен байланысты барлық мәселелер жөнінде мына мекенжай бойынша Гидрометорталыққа хабарласуға болады:

Астана қ., Мәңгілік Ел көшесі 11/1.

АРҰМББ басшысы Ж.Исабекова, 2 санатты инженер-синоптик А. Тулепберген

Аударған: техник Л. Смагулова
тел.: (7172) 79-83-95.

Гидрометорталық директоры



М. Шмидт

АРҰМББ басшысы



Ж. Исабекова

Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес қыркүйек айының қысқаша климаттық сипаттамасы

Қыркүйек - күздің бірінші айы. Қазақстанның бүкіл аумағында тамызбен салыстырғанда орташа айлық ауа температурасы $+5+7^{\circ}\text{C}$ -қа төмендейді, аумақтың басым бөлігінде ол $+8+15^{\circ}\text{C}$, батыста және оңтүстікте $+16+21^{\circ}\text{C}$, Іле Алатауы тауларында $+3+8^{\circ}\text{C}$ құрайды.

Ауаның орташа тәуліктік температурасы әр тәулік үшін орта есеппен $0,2-0,3^{\circ}\text{C}$ -қа төмендейді. Оңтүстік облыстарда орташа тәуліктік температурасы $+20^{\circ}\text{C}$ және одан жоғары тәуліктер саны орта есеппен 10-15 тәулікті, солтүстікте 1-2 тәулікті құрайды. Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарында орташа тәуліктік ауа температурасының 10°C ағыны арқылы ауысуы қыркүйектің екінші онкүндігінің соңында, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Қарағанды облыстарында - үшінші онкүндікте, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында - айдың соңында жүзеге асырылады, оңтүстік өңірлерде бұл кезең қазан айына ауысады.

Ауа температурасының төмендеуіне қарамастан, елдің басым бөлігінде абсолютті максимум жекелеген күндері $+32+38^{\circ}\text{C}$ -қа, Іле Алатауы тауларында $+19+25^{\circ}\text{C}$ -қа жетуі мүмкін.

Аумақтың басым бөлігінде үсікті айдың бірінші жартысында, оңтүстік аймақтарда - айдың соңында байқауға болады. Топырақ бетінде олар қарқынды және жиі кездеседі. Абсолютті минимум көптеген облыстарда $-10-14^{\circ}\text{C}$, ал республиканың оңтүстігінде $-6-10^{\circ}\text{C}$ -қа жетуі мүмкін.

Қыркүйектегі жауын-шашын тамызбен салыстырғанда температураның жалпы төмендеуімен ауа ылғалдылығының төмендеуіне байланысты азаяды. Жауын-шашынның қарқындылығы азаяды, бірақ ұзаққа созылады. Олардың нормасы батыс, солтүстік, шығыс облыстарда және оңтүстік-шығыстың тау бөктерінде 20 - дан 37 мм-ге дейін өзгереді, ал орталық және оңтүстік облыстарда ол 10 мм-ден аз. Ең ылғалды аудандар - оңтүстік-шығыс (норма: 36-52 мм) және шығыс (норма: 72-127 мм) тауларында жаууы мүмкін.

Жауын-шашын негізінен жаңбыр түрінде түседі. Бірақ солтүстік облыстарда қардың ерте түсуі бірінші онкүндіктің соңында байқалуы мүмкін, екінші және үшінші онкүндіктерде кейбір жылдары қар жамылғысының қысқа мерзімді қалыптасуы мүмкін (1 - 2 күн).

Қыркүйек айында найзағай белсенділігі әлсірейді. Найзағай тамызға қарағанда 1-2 есе аз, тау бөктері мен таулы аймақтарда айына 3-4 рет байқалады. Тұман сирек байқалады - республиканың солтүстігінде айына орта есеппен 1-2 рет байқалуы мүмкін.

Қыркүйек айында ҚР бойынша ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәндері (норма 1991-2020 жж.)

Облыс	Ауа температурасы, °C	Жауын-шашын мөлшері, мм
Батыс Қазақстан	+14,0...+17,1	14...27
Атырау	+16,5...+18,6	7...16
Маңғыстау	+18,6...+20,8	5...11
Ақтөбе	+12,0...+17,0	5...23
Қостанай	+11,3...+15,9	7...31
Солтүстік Қазақстан	+10,7...+11,6	22...34
Ақмола	+10,2...+13,0	16...30
Астана қаласы	+12,6	21
Павлодар	+11,3...+12,9	18...26
Ұлытау	+12,9...+16,7	2...14
Қарағанды	+10,7...+16,7	4...22
Абай	+10,7...+16,0	9...22
Шығыс Қазақстан	+7,8...+15,6	14...56
Қызылорда	+17,5...+19,9	2...4
Түркістан	+12,5...+21,4	1...19
Шымкент қаласы	+20,2	9
Жамбыл	+14,0...+19,7	2...20
Алматы	+4,5...+18,6	5...50
Алматы қаласы	+18,0	28
Жетісу	+11,0...+19,6	7...36


2026 жылғы қыркүйек айында күтілетін ауа температурасының орташа айлық мөлшерден ауытқуы

Қыркүйек айында ауаның орташа айлық температурасы республиканың басым бөлігінде *норма шамасында*, Батыс Қазақстан облысының басым бөлігінде, Атырау және Маңғыстау облыстарының батысында *нормадан 1°C-қа жоғары* күтіледі.



2026 жылдың қыркүйек айында күтілетін орташа ауа температурасының нормадан ауытқуы



Қыркүйек айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма: 1991-2020 жж.)




2026 жылдың маусым айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы



2026 жылғы қыркүйек айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы

Ауаның орташа айлық температурасы Қазақстанның басым бөлігінде $+9+15^{\circ}\text{C}$, оңтүстік-батыс жартысында, солтүстік-батыстың және елдің орталығының жекелеген аудандарында $+16+22^{\circ}\text{C}$ болады деп күтіледі.


2026 жылдың қыркүйек айында күтілетін
орташа айлық ауа температурасы




Жыл-аналогы 2020 жыл

Облыстар бойынша қыркүйек айына ауа райы кестесі


Батыс Қазақстан облысы




Атырау облысы




Маңғыстау облысы




Ақтөбе облысы




Қостанай облысы




Солтүстік Қазақстан облысы




Ақмола облысы




Павлодар облысы




Қарағанды облысы




Ұлытау облысы




Абай облысы




Шығыс Қазақстан облысы




Қызылорда облысы




Түркістан облысы




Жамбыл облысы



Алматы облысы



Жетісу облысы



Шартты белгілер:



Қазақстан облыстары бойынша 2026 жылғы қыркүйек айына консультативтік ауа райы болжамы

Батыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+15,4+17,7^{\circ}\text{C}$, бұл облыстың көп бөлігінде *нормадан 1°C -қа жоғары*, облыстың шығысында *норма шамасында* болады деп күтіледі (норма: $+14,0+17,1^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+31+36^{\circ}\text{C}$ -тан $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін* төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасы *түнде $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде $+6^{\circ}\text{C}$, күндіз $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында $+21^{\circ}\text{C}$ -қа жоғарылауы* күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасы *түнде $+11+16^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде $+6^{\circ}\text{C}$ $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+27+32^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың батысында $+21^{\circ}\text{C}$ $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында $+12^{\circ}\text{C}$ төмендеуі* күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы жоғарылайды деп болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде $+3^{\circ}\text{C}$ күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде $+18^{\circ}\text{C}$ одан әрі жоғарылауы* күтіледі. Содан кейін ауа температурасы *түнде $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде 1°C үсікке дейін, күндіз $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі* болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан көп*, облыстың шығысында *норма шамасында* болады деп күтіледі (норма: 14-27 мм).

Жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндікте жиі, үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Тұман екінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. 15-20 м/с жел, шанды дауыл бір ай бойы жиі күтіледі.



Атырау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+17,0+19,7^{\circ}\text{C}$ күтілуде, бұл облыстың батысында *нормадан 1°C -қа жоғары*, шығысында *норма шамасында* болады деп болжанады (норма: $+16,5+18,6^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан, солтүстігінде $+15^{\circ}\text{C}$ $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, шығысында $+16^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+34+39^{\circ}\text{C}$ -тан $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін, ауа температурасы *түнде* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+10^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+22+27^{\circ}\text{C}$ -тан $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, солтүстігінде $+21^{\circ}\text{C}$ жоғарылайды деп күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, батысында $+10^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+27+32^{\circ}\text{C}$ -тан, орталығында $+23^{\circ}\text{C}$ -қа төмендеуі болжанады. Содан кейін, ауа температурасы *түнде* $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+10^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, шығысында $+5^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін, ауа температурасы *түнде* $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+10^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында $+3^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың солтүстік-батысында *нормадан көп* болады деп күтіледі (норма: 7-16 мм).

Жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің соңында күтіледі. 15-20 м/с жел, шаңды дауыл бір ай бойы жиі күтіледі.



Маңғыстау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+19,7+21,7^{\circ}\text{C}$ күтілуде, бұл облыстың көп бөлігінде *норма шамасында*, батысында *нормадан 1°C -қа жоғары* (норма: $+18,6+20,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстік-шығысында $+13^{\circ}\text{C}$, $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, батысында $+19^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+34+39^{\circ}\text{C}$ -тан $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін, ауа температурасының *түнде* $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+16+21^{\circ}\text{C}$ -тан, $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында $+15^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+30+35^{\circ}\text{C}$ -тан $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы жоғарылайды деп болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстік-шығысында $+9^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, шығысында $+23^{\circ}\text{C}$ одан әрі жоғарылауы күтіледі. Содан кейін, ауа температурасы *түнде* $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, батысында $+14^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында $+16^{\circ}\text{C}$ төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың солтүстік-батыс жартысында *норма шамасында*, оңтүстік-шығыс жартысында *нормадан аз* күтіледі (норма: 5-11 мм).

Жаңбыр бірінші, екінші онкүндіктердің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Найзағай бірінші онкүндіктің ортасында болжанады. 15-20 м/с жел бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Шаңды дауыл әрбір онкүндіктердің ортасында болжанады.



Ақтөбе облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+12,9+17,7^{\circ}\text{C}$ күтілуде, бұл *норма шамасында* болады деп болжанады (норма: $+12,0+17,0^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың батысында $+11^{\circ}\text{C}$, күндіз $+31+36^{\circ}\text{C}$ -тан $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында $+25^{\circ}\text{C}$ -қа төмендеуі күтіледі. Содан соң, ауа температурасының түнде $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа, солтүстігінде $+3^{\circ}\text{C}$, күндіз $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде $+20^{\circ}\text{C}$ -қа жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+11+16^{\circ}\text{C}$ -тан $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+12^{\circ}\text{C}$, күндіз $+25+30^{\circ}\text{C}$ -тан $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде $+11^{\circ}\text{C}$ -қа төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, солтүстігінде $+3^{\circ}\text{C}$, күндіз $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, солтүстігінде $+15^{\circ}\text{C}$ одан әрі жоғарылауы күтіледі. Содан соң, ауа температурасының түнде $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде 3°C үсікке дейін, күндіз $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында $+20^{\circ}\text{C}$ -қа төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, оңтүстігінде *нормадан аз* күтіледі (норма: 5-23 мм).

Жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі. 15-20 м/с жел бірінші онкүндіктің басында және соңында, айдың екінші жартысында жиі болжанады. Шаңды дауыл айдың екінші жартысында болуы ықтимал. Тұман екінші онкүндіктің басында болжанады.



Қостанай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+12,0+15,6^{\circ}\text{C}$ күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: $+11,3+15,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың батысында $+13^{\circ}\text{C}$, $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, топырақ бетінде 1°C үсікке дейін, *күндіз* $+31+36^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін күрт төмендеуі күтіледі. Содан соң, ауа температурасының *түнде* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, топырақ бетінде 1°C үсікке дейін, *күндіз* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде $+9^{\circ}\text{C}$ -қа төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасы *түнде* $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, батысында $+2^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде $+15^{\circ}\text{C}$ -қа жоғарылайды деп болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстік жартысында 3°C үсікке дейін, *күндіз* $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан соң ауа температурасы *түнде* $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, солтүстік-шығысында *нормадан көп* болады деп күтіледі (норма: 7-31 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында болжанады. 15-20 м/с жел бір ай бойы жиі күтіледі. Тұман үшінші онкүндіктің соңында болуы ықтимал.



Солтүстік Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+10,2+11,7^{\circ}\text{C}$ күтілуде, бұл норма шамасында күтіледі (норма: $+10,7+11,6^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+16+21^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың батысында $+12^{\circ}\text{C}$, $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында және солтүстігінде 2°C үсікке дейін, күндіз $+28+33^{\circ}\text{C}$ -тан $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін күрт төмендеуі күтіледі. Содан кейін, ауа температурасының түнде $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, топырақ бетінде 2°C үсікке дейін, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан соң, ауа температурасының түнде $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында және солтүстігінде 2°C үсікке дейін, күндіз $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін, ауа температурасының түнде $+1+6^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың батысында және солтүстігінде 2°C үсіктен $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп деп күтіледі. (норма: 22-34 мм).

Жаңбыр бірінші және екінші онкүндіктердің ортасында, үшінші онкүндіктің басында болжанады. Найзағай, шаңды дауыл, дауыл екінші онкүндіктің ортасында болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. 15-20 м/с жел бір ай бойы жиі күтіледі. Көктайғақ үшінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін.



Ақмола облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+10,9+12,7^{\circ}\text{C}$ күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: $+10,2+13,0^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде және шығысында 2°C үсікке дейін, *күндіз* $+27+32^{\circ}\text{C}$ -тан $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында $+9^{\circ}\text{C}$ -қа күрт төмендеуі күтіледі. Содан кейін, ауа температураның *түнде* $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, одан әрі жоғарылауы күтіледі. Содан кейін, ауа температурасының *түнде* $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, топырақ бетінде 1°C үсікке дейін, *күндіз* $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде $+10^{\circ}\text{C}$ -қа төмендейді деп болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында $+4^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтіледі.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде және орталығында 2°C үсікке дейін, *күндіз* $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін күрт төмендеуі күтіледі.

Айлық жауын-шашын мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан көп*, облыстың оңтүстік-батысында *норма шамасында* күтіледі (норма: 16-30 мм).

Жаңбыр, 15-20 м/с жел бірінші онкүндіктің басында және ортасында, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Тұман екінші және үшінші онкүндіктердің соңында болуы ықтимал. Бұршақ екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында болжанады. Дауыл үшінші онкүндіктің басында күтіледі.



Павлодар облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+10,9+12,7^{\circ}\text{C}$ күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: $+11,3+12,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстік-шығысында $+10^{\circ}\text{C}$ $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа, топырақ бетінде 3°C үсікке дейін, *күндіз* $+27+32^{\circ}\text{C}$ -тан $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін күрт төмендеуі күтіледі. Содан кейін, ауа температурасының *түнде* $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-батысында $+29^{\circ}\text{C}$, одан әрі жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, топырақ бетінде 1°C үсікке дейін, *күндіз* $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстік-шығысында $+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде 3°C үсікке дейін, күндіз $+19+24^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Айлық жауын-шашын мөлшері *нормадан көп* болуы күтіледі (норма: 18-26 мм).

Жаңбыр, 15-20 м/с жел бірінші онкүндікте жиі, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндікте жиі күтіледі. Найзағай айдың басында және ортасында болжанады. Шаңды дауыл, бұршақ айдың ортасында болуы ықтимал.



Ұлытау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+12,9+16,2^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: $+12,9+16,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+16+21^{\circ}\text{C}$ -тан $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында 1° , *күндіз* $+30+35^{\circ}\text{C}$ -тан $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының *түнде* $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан, *күндіз* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+12+17^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың шығысында $+9^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+26+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+10^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының *түнде* $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында $+4^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* $+1+6^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың шығысында 3°C үсік, $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* күтіледі. (норма: 2-14 мм)

Жаңбыр бірінші және екінші онкүндіктердің ортасында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Найзағай айдың басында және ортасында болжанады. 15-20 м/с бір айдың ішінде жиі күтіледі. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында болуы ықтимал. Көктайғақ үшінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Тұман үшінші онкүндіктің басында және соңында болжанады.





Абай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+10,0+16,3^{\circ}\text{C}$, бұл норма шамасында күтілуде (норма: $+10,7+16,0^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+16+21^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстік-шығысында $+11^{\circ}\text{C}$, $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, батысында 1°C үсікке дейін, шығысында $+8^{\circ}\text{C}$, күндіз $+28+33^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында $+20^{\circ}\text{C}$ -қа күрт төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстік-шығысында $+31^{\circ}\text{C}$ одан әрі жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, топырақ бетінде 1°C үсікке дейін, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін аздаған жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, одан әрі жоғарылауы болжанады. Содан кейін, ауа температурасының түнде $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде 4°C үсікке дейін, күндіз $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстік-шығысында $+16^{\circ}\text{C}$ -қа төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, солтүстік жартысында нормадан жоғары күтіледі (норма: 9-22 мм).

Жаңбыр, жел 15-20 м/с бірінші онкүндікте жиі, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндікте жиі күтіледі. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің басында болжанады. Найзағай бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында болуы ықтимал. Найзағай бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Тұман екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің соңында болжанады.



Шығыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+7,0+14,8^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: $+7,8+15,6^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+14+19^{\circ}\text{C}$ -тан $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында, солтүстік-шығысында 1°C үсікке дейін, *күндіз* $+24+29^{\circ}\text{C}$ -тан $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+1+6^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстік-шығысында 2°C үсікке дейін, $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында 1°C үсікке дейін, *күндіз* $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін күрт төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында 4°C үсікке дейін, *күндіз* $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан көп*, оңтүстігінде *норма шамасында* күтілуде. (норма: 14-56 мм).

Жаңбыр, 15-20 м/с жел бірінші онкүндікте жиі, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндікте жиі, облыстың таулы аймақтарында жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) айдың соңында болуы күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің басында болуы ықтимал. Найзағай бірінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Бұршақ бірінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Тұман үшінші онкүндіктің соңында болуы ықтимал.



Қызылорда облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+17,6+19,5^{\circ}\text{C}$, бұл норма шамасында күтілуде (норма: $+17,5+19,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+19+24^{\circ}\text{C}$ -тан $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+31+36^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде $+39^{\circ}\text{C}$, $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін күрт төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+26+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+9+14^{\circ}\text{C}$ -тан $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+21+26^{\circ}\text{C}$ -тан $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан аз, қиыр солтүстігінде норма шамасында күтіледі (норма: 2-4 мм).

Өткінші жаңбыр екінші онкүндіктің басында және ортасында күтіледі. Найзағай айдың ортасында болжанады. Шанды дауыл, 15-20 м/с жел бірінші онкүндіктің ортасында, айдың екінші жартысында жиі болжанады.



Түркістан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+12,5+20,7^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $+12,5+21,4^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+19+24^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың шығысында $+14^{\circ}\text{C}$, $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, солтүстігінде $+5^{\circ}\text{C}$, күндіз $+31+36^{\circ}\text{C}$ -тан $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+29^{\circ}\text{C}$ -қа төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+14+19^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың шығысында $+10^{\circ}\text{C}$, күндіз $+26+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, одан әрі жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, оңтүстігінде $+12^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+26^{\circ}\text{C}$ -қа төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарлауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде, таулы аймақтарында $+6^{\circ}\text{C}$, $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, шығысында $+12^{\circ}\text{C}$, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$ -тан, батысында $+31^{\circ}\text{C}$, $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+25^{\circ}\text{C}$ -қа біртіндеп төмендеуі күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан аз, облыстың солтүстік-шығысында норма шамасында күтіледі (норма: 1-13 мм, таулы аудандарында 6-19 мм).

Өткінші жаңбыр бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Найзағай бірінші, екінші онкүндіктердің басында болжанады. 15-20 м/с жел бір ай бойы жиі күтіледі.



Жамбыл облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+14,3+19,2^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $+14,0+19,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+29+34^{\circ}\text{C}$ -тан $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде $+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+24^{\circ}\text{C}$ -тан $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы жоғарылайды деп күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында $+8^{\circ}\text{C}$, күндіз $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында $+20^{\circ}\text{C}$ -қа одан әрі жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аймақтарында $+11^{\circ}\text{C}$ -қа төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарлауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+9+14^{\circ}\text{C}$ -тан $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, топырақ бетінде 2°C үсікке дейін, күндіз $+21+26^{\circ}\text{C}$ -тан $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде $+4^{\circ}\text{C}$ -тан 1°C үсікке дейін, күндіз $+16^{\circ}\text{C}$ -тан $+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың оңтүстік-батысында *нормадан аз* күтіледі. (норма: 2-12 мм, облыстың таулы аудандарында 13-20 мм).

Өткінші жаңбыр бірінші онкүндіктің басында, айдың ортасында және соңында күтіледі. Найзағай айдың басында, ортасында болжанады. 15-20 м/с жел бір айда жиі болуы ықтимал. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктердің ортасында болуы ықтимал.



Алматы облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+4,7+17,5^{\circ}\text{C}$ күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: $+4,5+18,6^{\circ}\text{C}$).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+14+19^{\circ}\text{C}$ -тан $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың орталығында $+13^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+26+31^{\circ}\text{C}$ -тан $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың орталығында $+35^{\circ}\text{C}$ -тан $+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан $+3^{\circ}\text{C}$ үсікке дейін, *күндіз* $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.


Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың орталығында $+16^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың орталығында $+31^{\circ}\text{C}$, таулы аудандарында *түнде* $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аймақтарында $1-6^{\circ}\text{C}$ -қа үсікке дейін, *күндіз* $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарлауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, топырақ бетінде 3°C үсікке дейін, *күндіз* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан облыстың орталығында $+28^{\circ}\text{C}$ $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы

аудандарында *түнде* $+1+6^{\circ}\text{C}$ -тан $1-6^{\circ}\text{C}$ үсікке дейін, *күндіз* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* күтіледі (норма: 5-15 мм, облыстың таулы аудандарында 19-50 мм).

Өткінші жаңбыр, 15-20 м/с жел бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі, облыстың таулы аймақтарында жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) екінші онкүндіктің соңында күтіледі. Дауыл - екінші онкүндіктің басында болуы ықтимал. Найзағай бірінші онкүндіктің басында және ортасында, екінші онкүндіктің ортасында болжанады. Тұман екінші онкүндіктің соңында болуы ықтимал.



Жетісу облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+10,3+18,7^{\circ}\text{C}$ күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: $+11,0+19,6^{\circ}\text{C}$).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+14+19^{\circ}\text{C}$ -тан $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+28+33^{\circ}\text{C}$ -тан $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстік-шығысында $+36^{\circ}\text{C}$ -тан $+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* $+9^{\circ}\text{C}$ -тан $+2^{\circ}\text{C}$ үсікке дейін, *күндіз* $+23^{\circ}\text{C}$ -тан $+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.


Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, таулы аудандарында *түнде* $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аймақтарында 1°C үсікке дейін, *күндіз* $+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, топырақ бетінде 3°C үсікке дейін, *күндіз* $+21+26^{\circ}\text{C}$ -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+18^{\circ}\text{C}$, облыстың таулы

аудандарында *түнде* $+1+6^{\circ}\text{C}$ -тан $1-6^{\circ}\text{C}$ үсікке дейін, *күндіз* $+11+16^{\circ}\text{C}$ -тан $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* күтіледі (норма: 7-12, облыстың таулы аудандарында 15-36 мм).

Өткінші жаңбыр бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Тұман екінші онкүндіктердің соңында күтіледі. Найзағай бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің соңында болжанады. 15-20 м/с жел бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі.



Қазақстан Республикасы
Астана қ-сы
Мәңгілік Ел к-сі 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.kz



Республика Казахстан
г.Астана
ул.Мәңгілік Ел 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.kz